«Алматы облысы бойынша Білім басқармасының Талғар ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Абай атындағы №3 жалпы білім беретін орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

БҰЙРЫҚ № 4-Ө

12.01.2026 жыл **Талғар қ**

«Интернетке қолжетімділік ұсыну қызметтері» бойынша қорытынды шығарылғандығы туралы

«Мемлекеттік сатып алу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабының 3-тармағы 35) тармақшасына сәйкес, мемлекеттік сатып алу қорытындылары шығарылғанға дейін және шарт күшіне енгенге дейінгі кезеңде күнделікті және (немесе) апталық қажеттілікті қамтамасыз ету мақсатында мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қажеттілігі туындаған жағдайда, егер мұндай сатып алулар уәкілетті орган бекіткен тізбеге сәйкес жүргізілсе, сатып алынатын тауарлардың, жұмыстардың, көрсетілетін қызметтердің көлемі мемлекеттік сатып алу рәсімін өткізу мерзімі ішінде тапсырыс берушінің қажеттілігін қамтамасыз етуге қажетті көлемнен аспауға және екі айдан артық мерзімге созылмауға тиіс.

Аталған тармақша алдыңғы жылы жасалған шарттың қолданылу мерзімін ұзартудан жеткізуші бас тартқан жағдайда, егер мемлекеттік сатып алу жылдың бірінші айында жүзеге асырылса, сондай-ақ ағымдағы қаржы жылы ішінде тапсырыс беруші құрылған немесе қайта ұйымдастырылған жағдайда қолданылады, бірақ екі айдан аспауы тиіс.

1. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау өзімде қалдырылсын.

Мектеп директоры **Матниязов Р.З.**